«Мұнай сақтандыру Компаниясы» ААҚ	Алматы қ-сы, Қабанбай батыр к-сі, 186 (нақты) Астана қ-сы, Алматы ауд., Республика д-лы, 16 (заңды) т/ф (3272) 29-09-44/58-18-00/98-42/14 т/ф (3272) 58-18-01/58-18-02/20-59-03 e-mail: nsk_insur@nsk.kz	ОС-№10-8/1 ДОС-№10-8/1 11.08.06ж. ПД-№10-10-1/1 27.06.06ж.
«Коммеск» Өмір» СК» АҚ	Алматы қ-сы, Наурызбай батыр к-сі, 19 т. (3272) 79-10-96/79-06-87/79-07-93/79-16-19 ф. (3272) 79-07-93 e-mail: omir@kommesk.almaty.kz web-site: www.kommesk-omir.kz	ОС-№1-8/1 ДОС-№1-8/1 26.04.06ж. ПД-№1-3/1 20.09.04ж.
«Номад Иншуранс» СК» АҚ	Алматы қ-сы, Иванилов к-сі, 46 т. (3272) 508-189 ф. (3272) 508-188	ОС-№38-8/1 ДОС-№38-8/1 18.18.06ж. ПД-№38-1/1 12.06.06ж.

22. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі қызмет түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң және кері әсер ететін факторлар.

Оң әсер ететін факторлар:

- техникалық жабдықталуы – қазіргі техникалық құралдардың және бағдарламалық өнімдердің бар болуы, бизнес-процестерді автоматтандыру;
- сақтандыру және қаржы салаларында еңбек тәжірибесі бар кәсіби мамандандырылған қызметкердің бар болуы:
- сауда белгісін (брендті) тани білуі;
- Клиент алдындағы өз міндетін уақытылы және толығымен орындай алуы;
- Банктік және басқа да коммерциялық құрылымдарда ақшалай қаражатты инвестициялау;
- бағалы қағаздарды иемдену
- банктік депозиттер және т.б.

Кері әсері ететін факторлар:

- бәсекелестіктің әсер етуі – ұсынылған қызметтер құнының төмендеуіне апарды;
- халықтың төлем қабілеттілігінің төмен сұранысы;
- халықтың қаржы институттарына сенімсіздіктері;
- заңнамалық базаның жетілмегендігі;
- халыққа қызмет көрсетудің дамымағандығы және т.б.

23. Қоғамда бар лицензиялар (патенттер), олардың қолданылу кезеңі, зерттеулерлерге және әзірлемелерге, соның ішінде қоғам демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелеріне жұмсалатын шығыстар туралы ақпарат.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі:

1. 2007 жылғы 13 сәуірде сериясы ОС № 16-11/1 Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия (міндетті сақтандыру міндетті сыныптары бойынша) (қолданылу мерзімі – мерзімсіз);
2. 2007 жылғы 13 сәуірде сериясы ДОС № 16-11/1 Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия (ерікті сақтандыру сыныптары бойынша) (қолданылу мерзімі – мерзімсіз);
3. 2006 жылғы 16 қаңтарда сериясы ПД № 16-1/1 Қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия (қолданылу мерзімі – мерзімсіз) берді.

Осы лицензиялар негізінде Компания мынадай сыныптар бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асырады:

1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру.
2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру.
3. Туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру.
4. Қызметті үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің міндетті сақтандыру.
5. Қызметкерлер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру.
6. Міндетті экологиялық сақтандыру.
7. Жазатайым жағдайлардан ерікті сақтандыру.
8. Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру.
9. Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру.
10. Темір жол көлігін ерікті сақтандыру.
11. Әуе көлігін ерікті сақтандыру.
12. Су көлігін ерікті сақтандыру.
13. Жүктерді ерікті сақтандыру.

14. «Сақтандыру қызметті туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлікті залалдан ерікті сақтандыру.
15. Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру.
16. Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру.
17. Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру.
18. «Сақтандыру қызметті туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру.
19. Басқа да қаржы шығындарынан ерікті сақтандыру.
20. Кепілдіктер мен кепілгерліктерді ерікті сақтандыру.
21. Заемдерді ерікті сақтандыру.

24. Акционерлік қоғамның соңғы екі жыл ішінде немесе нақты бар болу кезеңінде сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері.

Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге есебімен:

	Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы	Таза сақтандыру сыйлықақылары
2005 жыл	171 233	79 748
2006 жыл	1 000 146	514 395

Соңғы екі жыл ішінде өнім сатылымы 85,38 %-ға ұлғайып, 828 913 миллион теңгені құрады.

25. Акционерлік қоғамның өз өнімін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі.

Сақтандыру қызметтерін сату компанияның кеңсесінде және агенттер (жеке және заңды тұлғалар) арқылы жүзеге асады.

Көрсетілетін қызметтердің негізгі тұтынушылары корпоративтік клиенттер болып табылады. Олардың 2005 жылы түскен сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасындағы үлесі 93,2% құрады, ал жеке тұлғалар – клиенттеріміздің үлесі – 6,8% болды, 2006 жылы сәйкесінше 85,4% және 14,6% болды.

1) эмитент шығарған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) жалпы құнынан бес және одан көп пайызын құрайтын көлемдегі эмитенттің тауарларын (жұмыстарды, қызметтерді) жабдықтаушылардың атауы;

«3I INFOTECH».

2) эмитент шығаратын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) жалпы құнынан бес және одан көп пайызын құрайтын көлемдегі эмитент тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылардың атауы:

Пундж Лойд, CASG, "Галахер Қазақстан" ЖШС, "Монтажарнаулықұрылыс Компаниясы" АҚ, Хьюлетт Паккард.

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:

1) Маусымдық сипаттағы қызметтің түрлері және акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі олардың үлесі;

"Сентрас Иншуранс" СК АҚ қызметінің маусымдық сипаты жоқ.

2) шикізаттың импорт үлесі мен экспортқа сататын өнімнің үлесі.

"Сентрас Иншуранс" СК АҚ қызметінің экспорттық-импорттық сипаты жоқ.

3) акционерлік қоғамның сот процесстеріне қатысқандығы туралы мәліметтер. Оның қатысуымен болған сот процесстері мәнінің сипаттамасын беру қажет, олардың нәтижелері бойынша акционерлік қоғам қызметі тоқтатылуы немесе өзгеріске ұшырауы, одан ақшалай және өзге міндеттемелер өтелуі мүмкін;

Қазіргі кезде, нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметі тоқтап қалуы немесе өзгеруі мүмкін сот процесстеріне "Сентрас Иншуранс" СК АҚ қатысып жүрген жоқ.

4) соңғы жылдың ішінде акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот салған барлық әкімшілік сөгістер туралы мәліметтер;

"Сентрас Иншуранс" СК АҚ-на және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілік сөгіс салынбаған.

5) тәуекел факторлары.

Компанияның қызмет ерекшелігі өз қызметімен қатар өз кезегінде бизнестің басқа түрлеріне тән болуы мүмкін ерекше тәуекелдер жиынтығын шамалайды:

Компания өз қызметінде мынадай тәуекелдерге ұшырайды:

- 1) сақтандыру тәуекелі;
- 2) несие тәуекелі;
- 3) өткімділікті жоғалту тәуекелі;
- 4) операция тәуекелі;
- 5) валюталық тәуекел;
- 6) нарықтық тәуекел;
- 7) мемлекеттік (трансферттік) тәуекел;
- 8) құқықтық тәуекел;
- 9) бедел тәуекелі.

Сақтандыру тәуекелі – нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша Компанияның сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі жауапкершілігі туындайтын, тәуекелдің болу ықтималдылығы мен кездейсоқтық қасиеттеріне ие залалдың немесе зиянның туындау тәуекелі.

Сақтандыру тәуекелдерін теңестіру үшін Компания сақтандырудың әр сыныбына (түріне) тән тәуекелдерді, соның ішінде олармен қатар жүретін барлық бөліктерін:

- жағымсыз нәтижелерге апаруы мүмкін қауіп-қатерлерді;
- тәуекелдерден зиян шегуі мүмкін заңды және жеке тұлғалардың қорларын;
- тәуекелдің қорларға әсер еткендігі көрінетін факторларды жүйелі түрде айқындап, зерттейді.

Сақтандыру тәуекелдерін теңестіру кезінде себептері мен факторлары зерттеледі. Бұл ретте I және II қатардағы факторлар зерттеледі және бағаланады. I қатардағы факторлар сақтандыру тәуекелдерінің бастапқы себептері болып табылады және объективті сипатқа (стихиялық апаттар, авариялар және т.б.) ие болады. II қатардағы факторлар зиянның және оның көлемінің туындау ықтималдығына әсерін тигізеді. II қатардағы факторларды зерттеу кезінде объективті (құрылыс материалдары, күзет дабылының болуы, нысанның орналасқан жері, адамның жасы мен жынысы және т.б.) және субъективті (адам мінезінің және жүріс-тұрысының ерекшеліктері) факторлар бағаланады.

Сақтандыру тәуекелдерін бағалау олардың ықтималдық дәрежесін және потенциалды зиянның көлемін анықтауға апаратын. Сақтандыру тарифтерінің орташа, ең төменгі және ең жоғары мөлшерлері Сақтандыру ережесіндегі сақтандырудың әр сыныбы (түрі) бойынша актуарийлік есептер негізінде анықталады және қадағалау органымен келісіледі. Әрбір мәміле бойынша сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру тәуекелдерін теңестіру есебімен анықталады.

Сақтандыру тәуекелдерін бағалау кезінде Компания сақтандыру, соның ішінде халықаралық тәжірибеде бар сақтандыру тәуекелін бағалаудың негізгі қағидалары мен әдістерін қолданады. Компания сақтандыру тәуекелдерін ең көп және ең аз тәуекелді, ең қауіпті және ең қауіпсіз, өте ірі және өте ірі емес тәуекелдерге бөлу арқылы оларды қадағалайды.

Несие тәуекелі – клиенттердің сақтандыру, қайта сақтандыру және басқа да операцияларды жүргізу кезінде өз мойнына алған ақшалай міндеттемелерді орындау бойынша шарттың (келісім-шарттың) бастапқы талаптарын бұзу салдарынан пайда болған шығыстар тәуекелі. Компанияның несие тәуекелі сақтанушының сақтандыру шарттарындағы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде тиісті үлесін төлейтін бөлігін орындамаған кезде пайда болады.

Несие тәуекелі қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысының тиісті үлесін алмаған кезде, сондай-ақ сақтанушының сақтандыру жарнасы бойынша төлем жасамауынан қайта сақтандырушылардың алдында осы жарналарды аудару жөнінде қосымша міндеттемелер туындаған кезде туындауы мүмкін.

Несие тәуекелі сондай-ақ, сақтандыру жағдайы туындаған кезде қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемінің тиісті үлесін төлеу жөнінде өз міндеттемелерін орындамаған кезде де туындайды – қайта сақтандыру ұйымдары сақтандыру төлемінің тиісті үлесін төлемеген кезде пайда алушыға сақтандыру төлемін жасау міндеттемелерінің туындау тәуекелі.

Компанияның балансында несие тәуекелі көптеген позициялар бойынша активтер құрамында болады:

- инвестициялық бағалы қағаздар;
- сатып алу-сатуға арналған активтер;
- сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша клиенттердің міндеттемелері;

Несие тәуекелі бақылауды қамтамасыз ету үшін Компания мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

- сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қаулыларына сәйкес сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібін белгілейді;
- Сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Компанияға лицензия берген сыныптарға сәйкес сақтандыру қызметтерін ұсынуды қамтамасыз етеді.

- Сақтандырудың әр сыныбына (түріне) лимиттер бекітеді;
- Аймақтар арасында және экономика саласында сақтандыру қызметін шоғырландыру лимитін бекітеді;
- Компаниямен ерекше қатынас орнатқан тұлғаларға сақтандыру қызметін ұсыну тәртібін бекітеді;
- Потенциалды сақтандырушылар мен сақтандыру нысандарына қойылатын талаптарымен қоса сақтандыру қызметін ұсыну жағдайларын белгілейді;
- Сақтандыруды (қайта сақтандыру) жүзеге асыру және жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша талаптарының өзгеруі жөнінде Компания органдарының, бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құзыретін бекітеді;
- Сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның әдістеріне сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша шығындарды жабу үшін сақтандыру резервтерінің жеткілікті мөлшерін есептейді.

Компанияның сақтандыру резервтерінің мөлшері "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің ең төменгі мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы № 210 қаулысының талаптарына сәйкес актуарий тарапынан есептеледі. Оның үстіне Компания сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының ең жоғары мөлшері меншік капиталы мен сақтандыру резервтерінің сомасынан 10 пайыздан аспайтыны жайында ережелерді орындауды қамтамасыз етеді. Көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда Компания артық тәуекелдерді қайта сақтандыруды жүзеге асырады. Несие тәуекелі салдарынан пайда немесе капиталды жоғалту қаупі өте төмен.

Компания сақтандыру портфелін бақылауды жүзеге асыра отырып тұрақты түрде несие тәуекелінің мониторингін жүзеге асырады. Ол бұлардан басқа мыналарды:

- Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметтерінің сапа мониторингі;
- Сақтандыруды (қайта сақтандыруды) жүзеге асыру талаптарын сақтау мониторингі;
- Күші бар заңнамаға сәйкестілік мониторингі;
- Сақтандыру қызметі бойынша шығындарды жабу үшін сақтандыру резервтерінің жеткілікті болуын ай сайын бағалауды қамтиды.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі – Компанияның өз міндеттемелерін орындамауы не уақтылы орындамауына және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Компанияның өз міндеттемелерін шығынсыз орындайтын қабілетінің болмауына байланысты кірістері мен капиталының бөлігін жоғалтуына байланысты тәуекел.

Сонымен қатар өтімділікті жоғалту тәуекелі Компанияның нарықтық конъюнктураның өзгеріске ұшырауына орай әрекет ете алмаған жағдайларда болуы мүмкін. Ал бұл ең аз шығындармен активтерді уақтылы жүзеге асыру мүмкіншілігіне кері әсерін тигізеді.

Компания өтімділікті жоғалту тәуекелін теңестіру кезінде осы тәуекелдің туындауына мынадай факторлардың:

- сақтандырудың басқа сыныптары бойынша жасалған шарттардың тиісті азаюы (көбеюі) кезінде сақтандыру сыныбының бірдей түрі бойынша сақтандыру шарттарының санын көбейтудің (азайтудың);
- «А» категориялы «Қазақстан қаржы биржасы» акционерлік қоғамының құнды қағаздарының ресми тізіміне енгізілген қазақстан ұйымдарының мемлекеттік құнды қағаздарын, облигацияларын және өзге өтімді активтерді сатып алудың (сатудың);
- Жаңа филиалға (кеңсеге) ие болуының;
- Сақтандыру шарттарындағы қайта сақтандырушының үлесін азайтудың (көбейту);
- Сақтандыру шарттарындағы меншік үлесін көбейтудің;
- Қайта сақтандыру шарттарын бұзудың (жасасудың);

- Сақтандыру резервтерінің азаюының (көбеюінің);
- Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың;
- Операциялық шығыстар төлемін жасаудың;
- Коммуналдық қызметтер үшін төлем жасаудың;
- Еңбекақы төлемі бойынша шығыстардың;
- Меншікті мүлік пен жауапкершілікті сақтандыру бойынша жұмсалған шығыстардың;
- Баланс сыртындағы операцияларды қаржыландырудың, оның ішінде сот дауларын реттеудің және т.б. ықпалын анықтайды, зерттейді және болжам жасайды.

Компания барлық факторлар жиынтығы бойынша өтімділікті жоғалту тәуекелін бағалайды. Компания қысқа мерзімді (1 айдан аз), орта мерзімді (6 ай немесе одан аз), ұзақ мерзімді болашақтағы дамуында (1 жыл және одан аз) өтімділікті жобалаудың үздіксіз жүйе процесін жүзеге асырады.

Операция тәуекелі – Компанияның ішкі бақылау ұйымының талаптарын бұзу (сақтамау) салдарынан шығындардың туындау тәуекелі. Ішкі бақылау ұйымның талаптарын бұзу Компания қызметкерлерінің ішкі құжаттармен белгіленген рәсімдер мен қызметтерді және сақтандыру қызметінің тәуекелдерін басқару талаптарын сақтамауынан көрініс табады.

Операция тәуекеліне операциялық (компьютерлік) жүйелердегі маңызды іркілістің туындаумен байланысты тәуекелдер жатады.

Компанияның үдерістері немесе қызмет түрлері, сондай-ақ, активтердің жеке түрлері, мысалы, операция тәуекелінің жекелеген факторлары әсер ететін Компания мүлкі операциялық тәуекелдің нысандары болып табылады.

Нысандарға әсер ететін және үдерістер сапасының нашарлауына (іркіліске) немесе Компанияны қаржылай шығындарға апаратын кездейсоқ немесе ықтимал оқиғалар мен тәуекелдер операция тәуекелінің қайнар көздері (факторлары) болып табылады.

Операция тәуекелдерін теңестіру, бағалау және бақылау мынадай:

- 1) тәуекелдің жеке категорияларындағы (қайнар көздеріндегі) барлық факторларды теңестіру;
- 2) Компанияның үдерістері мен өнімдерін оларды құрайтын қарапайым операцияларға жіктеу (үдерістің технологиялық картасы);
- 3) Тәуекелдің әрбір факторының үдерістің жеке операцияларына (жүйелі технологиялық карта бойынша) әсер ету деңгейін бағалау;
- 4) Компанияның операциялық тәуекелдер жиынтығын құрастыру бағыттары бойынша жүзеге асады.

Операция тәуекелінің деңгейін бағалау сапасы жағынан да саны жағынан да жүзеге асады. Тәуекелдің сандық бағалануы ықтималдық (болжау) сипатта болады, есептелуі статистикалық әдіске сүйенеді, ал көлемі қабылданатын сенімді ықтималдылық деңгейіне тәуелді. Сапалы тәсіл мүмкін шығындар деңгейін сипаттайтын бірнеше сандар арқылы деңгейін білуге болмайтын операция тәуекелінің категориялары үшін қолданылады.

Ішкі аудит қызметі операциялық тәуекелді өлшеу және бағалау әдістемесін дұрыс пайдаланылуына тиісті бақылаудың жүргізілуіне кепілдік беру мақсатында басшылықты әзірлейді.

Операция тәуекелі қадағалау кезінде Компания мынадай:

- жоспарланған аудиторлық тексерудің үш жылдық кезеңі ішінде кем дегенде бір рет Компанияның операция тәуекеліне лайықты бағаланатын Компанияның ішкі бақылау жүйесін іске асыруды қамтамасыз ету;
- клиент шағымдарының саны мен олардың негізін жою құнына қатысты, сондай-ақ

алдыңғы кезеңдермен салыстырмалы түрдегі мониторингті жүзеге асыру;

- клиент туралы ақпаратты қорғауды қоса есептегендегі қауіпсіздік тәуекелін қадағалау;
- электронды сақтандыру қызметі жүйелерінің жалпы дизайнын, оларды енгізу мен үздіксіз техникалық қамсыздандыруды қадағалау шараларын жүзеге асырады.

Валюталық тәуекел – Компанияның өз қызметін жүзеге асыру кезінде шетелдік ақша бағамының өзгеруіне байланысты шығыстардың туындау тәуекелі.

Компания сақтандыру және қайта сақтандыру саласында шетелдік ұйымдармен өзара қатынас орнату кезінде ақшалай тәуекелді теңестіреді.

Компания сақтандыру шарттарын, сондай-ақ, шетелдік қайта сақтандырушылармен қайта сақтандыру (сақтандыруға берілетін және сақтандыруға алынатын) шарттарын жасасу кезінде валюталық тәуекелді бағалайды және талдайды.

Валюталық тәуекелді басқару кезінде компания бейрезиденттермен жасалатын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарында индекстеу туралы тиісті ескертулердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

Нарықтық тәуекел – қаржылық құралдар портфельдері құнының өзгеруі салдарынан шығыстардың туындау тәуекелі. Залал тәуекелі қаржылық құралдар құнына әсер ететін қаржы талаптары өзгерген жағдайда пайда болады.

Компания тиісті әдістерге сәйкес нарықтық тәуекелді теңестіреді, бағалайды және талдайды.

Компания нарықтық тәуекелді:

- сақтандыру операцияларына қатысты бөлігіне ішкі бақылау жүйесінің тәуелсіз аудитін жүргізу;
- бағаны белгілеудің қадағалау жүйесін қалыптастыру;
- әрбір актив түрінің нарықтық құнының өзгеруі бойынша лимиттер белгілеу;
- Компания активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтау және бағалау;
- ай сайын кірістер мониторингін жүзеге асыру және олардың Компанияның Директорлар кеңесі белгілеген лимиттердің өзгеруіне сәйкестілігін бақылау арқылы басқарады.

Мемлекеттік (трансфертті) тәуекел – белгілі бір мемлекеттің немесе белгілі мемлекет резидентінің төлем қабілетсіздігінің немесе сақтандыруды (қайта сақтандыруды) жүзеге асыру кезінде туындайтын негізгі тәуекелдерге қатыссыз себептер бойынша Компания алдындағы міндеттемелері жөнінде жауап беруді қаламауының салдарынан шығыстардың туындау тәуекелі.

Компания мынадай:

- әрбір шетел мемлекетінің резидентіне қойылатын талаптардың ең жоғары мөлшерінің лимитін белгілеу;
- резиденттерге талаптар қойған әрбір мемлекеттің егеменді көрсеткіші туралы ақпаратты қадағалау, бұл ретте әрбір мемлекеттің резидентіне қойылатын талаптардың ең жоғары мөлшерінің лимиті мемлекеттердің егеменді көрсеткіші есебімен белгіленген.
- ай сайын кірістер мониторингін жүзеге асыру және олардың Компанияның Директорлар кеңесі белгілеген лимиттердің өзгеруіне сәйкестілігін бақылау тәсілдері арқылы мемлекеттік (трансфертті) тәуекелді теңестіреді, бағалайды, бақылайды.

Құқықтық тәуекел – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының талаптарын бұзуы не Компания тәжірибесінің, үдерістері мен ішкі құжаттарының оған сәйкес келмеуі, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қатысты, осы қатынастарды реттейтін басқа мемлекеттердің заңдарын бұзуы салдарынан шығыстардың туындау тәуекелі.

Компания:

- 1) келісім-шарттар, шарттар және Компанияның клиенттермен және контрагенттермен өзара қарым-қатынасын реттейтін басқа да сыртқы құжаттар бойынша;
- 2) Басқару процесін реттейтін Компанияның ішкі құжаттары бойынша;
- 3) мүмкін Заңды қателіктердің түрлері бойынша;
- 4) Зардаптардың:
 - а) қолайсыз сот шешімдері,
 - б) активтердің немесе мүліктің бір бөлігінен айрылу,
 - в) шығындар немесе кіріс кірмеу түрлері бойынша құқықтық тәуекелді теңестіреді.

Компания мынадай екі бағыт бойынша құқықтық тәуекелді басқарады:

- 1) Ішкі үдерістертердегі ішкі құжат айналымы клиенттермен және контрагенттермен жасалатын келісім-шарттардың қабылданған нысаны құжаттардың құқықтық немесе пруденциалды нормаларына сәйкес еместігіне құқықтық тәуекелдер бақылауы.
- 2) Заң базасының дамымауы және ішкі қайшылықтары салдарынан туындайтын сыртқы заңды тәуекелдерді басқару және бақылау.

Компания құқықтық тәуекелдерді шектеудің мынадай шараларын қолданады:

- 1) нормаларды сақтау үшін тиісті лауазымды тұлғалардың жүзеге асырған іс-әрекеттерін тексеру;
- 2) андеррайтерлер мен заңгерлердің шарттарға қол қою тәртібін қолдануы;
- 3) нормативті базаның өзгеруінің мониторингін жүзеге асыру және жиі өзгеріп тұратын заңнама талаптарымен құжатнамаларға уақытылы өзгерістер енгізу тәртібін ендіру;
- 4) мыналарды:
 - а) ақшалай қаражатты айтарлықтай жоғалту тәуекелі бар операцияларға заңгерлердің көңілі ауған кезде – «мән беру ережесін»;
 - б) барлық стандартсыз шарттар үшін – «стандартсыз операцияларға ерекше амал жасау ережесін» қолдану арқылы заңгерлерге шектен тыс салмақ салудың алдын алады.

Бедел тәуекелі – Компанияға қоғамның кері көзқараста болуы немесе сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың туындау тәуекелі.

Бедел тәуекелі Компанияның жаңа клиенттерді тарту, жаңа қызметтерді ұсыну немесе өзіндегі клиенттермен өзара қарым-қатынасты орнату икемділігіне әсерін тигізеді. Бедел тәуекелі сот процесіне, қаржылай шығынға немесе кірістерге байланысты шиеленіскен жағдайларға апаруы не сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу кезінде кері әсерін тигізуі мүмкін. Компания ішкі бақылау жүйесінің щегінде бедел тәуекелін басқарудың мынадай:

- 1) бөлімшелердің қоғаммен байланыс орнату жұмыстарын ұйымдастыру;
- 2) клиенттердің шағымдарын ресми, кезекті және уақытылы қарастыру үдерісін ұйымдастыруды және орындауды қамтамасыз ету;
- 3) Мінез-құлық кодексінің жалпы қағидаларын анықтайтын этикалық нормаларды сақтау, және Компанияның барлық қызметкерлерінің оларды орындауын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады.

4. Қоғамының қаржылық жағдайы.

27. Инвестициялар

Басқа ұйымдар капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар: жоқ

Сатуға арналған БҚ портфелі:

Эмитенттің атауы	БҚ түрі	ҰИН	БҚ саны	Номиналды құны (мың теңге)	Баланстық құны (мың теңге)	Иелену күні
Халықтық жинақ банкі	Купонды индекстелген облигациялар	KZ2CKY05A556	34 700	1 000	28 955	18.05.05
ЦеснаБанк	Облигациялар	KZ2CKY07B626	21 200 000	1	20 221	06.10.05
ЦеснаБанк	Облигациялар	KZPC1Y03B878	24 000 000	1	24 246	28.02.06
КазТрансКом	Облигациялар	KZ2CRY07A834	14 000 000	1	14 260	28.11.05
Қазақалтын тау-металл концерні	Купонды индекстелген облигациялар	KZ2CKY05B133	36 420 000	1	36 145	27.01.06
Қазақалтын тау-металл концерні		KZ2CKY05B133	8 670 000	1	8 604	15.02.06
Қазақалтын тау-металл концерні		KZ2CKY05B133	200 000	1	199	29.03.06
«Казмұнайхим» АҚ	Облигациялар	KZ2CKY05B273	44 500 000	1	45 924	17.05.06
«Казмұнайхим» АҚ		KZ2CKY05B273	2 400 000	1	2 477	18.05.06
«Разведка Добыча КазмұнайГаз» АҚ	Жай акциялар	KZ1C51460018	40		573	03.10.06

28. Дебиторлық берешек

01.01.2007ж. акционерлік қоғам алдында қоғам активтерінің баланстық құнынан бес және одан да көп пайыз мөлшерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді дебиторлық берешегі бар «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ-ның дебиторлары жоқ.

29. Активтер

Активтердің баланстық құны 1 131 207 мың теңгені, 5% = 56 560 мың теңгені құрайды. 2007 жылғы 27 тамыздағы жағдай бойынша Компанияда құны активтердің баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлік – МЕА – «ПРЕМИЯ» бағдарламалық қамтамасыз ету құралы бар.

30. Жарғылық және меншікті капитал туралы мәліметтер.

Компанияның жарғылық капиталы 557 000 мың теңгені, меншік капиталы 675 687 мың теңгені құрайды.

31. Заемдер

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ заемдер тартқан емес.

32. Қоғамның негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты несиелік берешегі (жабдықтаушылар алдындағы берешек, алынған аванстар):

2007 жылғы 27 тамызда қоғам активтерінің баланстық құнынан бес және одан да көп пайыз мөлшерінде олардың алдында қоғамның берешегі бар «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ-ның несие берушілері жоқ.

5 Бөлім. Қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы.

33. Банкаралық заемдар (банктер толтырады)

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ банк болып табылмайды.

34. Салымдар (банк толтырады)

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ банк болып табылмайды.

35. Қолданылып жүрген облигациялар шығарылымының құрылымын сипаттау және соңғы үш жыл ішінде өтелген облигациялар туралы мәліметтер

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ облигациялардың шығарылымын жүзеге асырған жоқ.

36. Қолданылып жүрген халықаралық заемдердің талаптары туралы мәліметтер

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ халықаралық заемдер тартқан емес.

37. Акционерлік қоғамның басқа ұйымдардан алған ашық несие желілері туралы мәліметтер

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның басқа ұйымдардан алған несие желілері жоқ.

38. Қаржылық нәтижелердің талдауы

Кірістер мен шығыстар туралы баптар	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
<i>Активтер</i>	<i>214 373</i>	<i>589 295</i>	<i>1 131 207</i>	<i>1 600 000</i>

-Ақша	7 239	12 633	100 813	100 000
- Орналастырылған салымдар	92 630	40 153	431 761	600 000
- Бағалы қағаздар	82 534	492 811	238 914	460 000
- ОС және МЕА	21 781	13 298	37 877	40 000
-Басқа активтер	12 565	30 400	321 842	400 000
Міндеттемелер	32 645	119 827	455 520	750 000
-Сақтандыру резервтері	14 561	50 396	276 035	450 000
-Басқа міндеттемелер	18 084	69 431	179 485	300 000
Меншік капиталы	181 728	469 468	675 687	-
-Жарғылық капитал	172 458	455 000	557 000	600 000
-Қайта бағалау қорытындысы	2 222	2 222	-	-
-Үлестірілмеген кіріс	7 048	12 246	118 687	250 000

39. Кірістер мен шығыстардың соңғы екі жыл ішіндегі құрылымы

Кірістер мен шығыстар туралы баптар	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Сақтандыру қызметінен түскен кіріс	41 664	56 752	364 877
Инвестициялық қызметтен түскен кіріс	11 692	19 315	42 838
Басқа да қызметтерден түскен кіріс	4 861	1 568	337
Шығындар	56 303	67 961	276 329
Салық салғанға дейінгі кірістер	1 914	9 674	131 723
Корпоративтік табыс салығы	1 678	4 476	26 691
Таза кіріс (шығын)	236	5 198	105 032

40. Қаржылық коэффициенттердің есебі

Атауы	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	5,9	4,8	2,4
Жабу коэффициенті	6,6	4,9	2,5
Төлем қабілетінің коэффициенті	0,2	0,3	0,4
Меншік капиталына қосылатын таза кіріс	0,001	0,02	0,16
Жарғылық капиталын активтермен қамсыздандыру коэффициенті	1,2	1,3	2,03
Акцияға кіріс	0,001	0,01	0,17
Жай акцияның баланстық құны		910	1 090

41. Акциялар шығарылымының проспект күніне ҚР заңнамасында белгіленген пруденциалдық нормативтердің және орындалуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің маңызы.

Сапасы және өтімділігі бойынша жіктелу есебіндегі активтер – 939 053 мың теңге.

Сақтандыру резервтері – 276 035 мың теңге.

Жоғары өтімді активтердің жеткіліктілік нормативі – 2,43.

Сақтандыру резервтер сомасын қоспағандағы міндеттемелер - 179 485 мың теңге.

Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері – 362 000 мың теңге.

Маржаның ең төменгі мөлшері – 374 846 мың теңге.

Нақты маржаның жеткіліктілік нормативі – 1,29.

Баланс бойынша активтердің сомасы – 1 131 207 мың теңге.

42. Қоғам акция шығарылымы туралы шешімді қабылданғанға дейін соңғы алты ай ішінде берілген кепілдіктердің мөлшері және саны.

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ соңғы алты ай ішінде ешқандай кепілдік берген жоқ.

43. Бұдан бұрын акционерлік қоғам берген кепілдіктер, сот шағым-талап нәтижесінде туындауы ықтимал, оның мүмкін міндеттемелеріне қатысты басқа ақпарат

«Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ ешқандай кепілдіктер берген емес және оған ешқандай шағым-талаптар түскен жоқ.

6 Бөлім. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

44. Барлық тіркелген бағалы қағаздардың шығарылымына қатысты:

1) әрбір жасап шығарылған бағалы қағаздардың жалпы саны, түрі, санаты мен номиналды құны, шығарылым формасы, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган және бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі мен мемлекеттік тіркеу күні;

2000 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында тіркелген жалпы сомасы 100 000 000 (жүз миллион) теңгеге құжатсыз формада жасап шығарылған номиналды құны 1 000 (бір мың) теңгелік жай атаулы акциялардың 100 000 (жүз мың) дана мөлшерінде – 1-акциялар шығарылымы тіркелді, НИН KZ1C42070416.

2001 жылғы 25 сәуірде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы № А4207 Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берді (2000 жылғы 23 шілдедегі 02-2-4/4253 нөмірлі куәліктің орнына). Номиналды құны 1 000 (мың) теңгелік акциялар эмиссиясының көлемі 100 000 000 (жүз миллион) теңгені құрады, жарияланған жарғы капиталы 100 000 000 (жүз миллион) теңге. Эмиссия 100 000 (жүз мың) жай атаулы акцияларға бөлінген, оларға берілген ұлттық идентификациялық нөмір – KZ1C42070017.

2002 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2-акциялар шығарылымын тіркеді. Номиналды құны 1 000 (мың) теңгелік акциялар эмиссиясының көлемі 100 000 000 (жүз миллион) теңгені құрады, жарияланған жарғы капиталы 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге. Эмиссия 100 000 (жүз мың) жай атаулы акцияларға бөлінген, оларға берілген ұлттық идентификациялық нөмір – KZ1C42070017. 2002 жылғы 28 желтоқсандағы №4204-1 бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуі туралы куәлік.

2005 жылғы 31 тамызда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 3-акциялар шығарылымы тіркеді. Номиналды құны

850 (Сегіз жүз елу) теңгелік акциялар эмиссиясының көлемі 255 000 000 (Екі жүз елу бес миллион) теңгені құрады, жарияланған жарғылық капиталы – 500 000 000 (Бес жүз миллион) теңге. Эмиссия 500 000 (Бес жүз мың) жай атаулы акцияларға бөлінген, оларға берілген ұлттық идентификациялық нөмір - KZ1C42070017. 2005 жылғы 31 тамыздағы № 4207 Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

2006 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 4-акциялар шығарылымын тіркеді. Номиналды құны 850 (сегіз жүз елу) теңгелік акциялар эмиссиясының көлемі 548 250 000 (Бес жүз қырық сегіз миллион екі жүз елу мың) теңгені құрады, жарияланған жарғылық капиталы - 1 003 250 000 (Бір миллиард үш миллион екі жүз елу мың) теңге. Эмиссия 1 145 000 (Бір миллион бір жүз қырық бес мың) жай атаулы акцияға бөлінді, оларға берілген ұлттық идентификациялық нөмір - KZ1C42070017. 2006 жылғы 15 наурыздағы №А4207 Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

2) бағалы қағаздарды орналастыру кезеңінің басталу және аяқталу күндері

Бірінші шығарылым бойынша орналастырудың басталуы – акциялар шығарылымын тіркеу күні. Бірінші шығарылым бойынша орналастырудың аяқталуы – 13 желтоқсан 2000 жыл;

Екінші шығарылым бойынша орналастырудың басталуы – акциялар шығарылымын тіркеу күні. Екінші шығарылым бойынша орналастырудың аяқталуы – 13 мамыр 2005 жыл.

Үшінші шығарылым бойынша орналастырудың басталуы – акциялар шығарылымын тіркеу күні. Үшінші шығарылым бойынша орналастырудың аяқталуы – 24 желтоқсан 2005 жыл.

Төртінші шығарылым бойынша орналастырудың басталуы – акциялар шығарылымын тіркеу күні.

Төртінші шығарылым бойынша орналастырудың аяқталуы – бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған жоқ.

3) Аукциондар немесе жазылым өткізудің талаптары мен тәртібі туралы ішкі құжаттарды қабылдау күні, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысымен қоғамның бағалы қағаздарды өтеп алған кездегі олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту күні.

2006 жылғы 4 шілдеде акционерлердің жалпы жиналысы «Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» АҚ-ның Қоғамның орналастырылған акцияларын өтеу және өтеу құнын анықтау әдісі туралы ережесін бекітті.

4) Қоғамның бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамау фактілері, облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлемді кешіктіру), орындалмаған міндеттемелердің мөлшері мен оларды орындау мерзімі кешіктірілген күн туралы ақпаратты қосқандағы, жәй және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлемді кешіктіру) туралы мәліметтер. Дивидендтерді есептеу мен төлеу бойынша берешек болған жағдайда себептері көрсетілсін;

Барлық тіркелген акциялар шығарылымы бойынша қоғамның акционерлер алдында өз міндеттемелерін орындамау фактілері болған жоқ

5) егер бағалы қағаздарды орналастыру немесе айналымға жіберу тоқтаған жағдайда немесе бағалы қағаздар шығарылымы өткізілмеді деп танылса, осы шешімді қабылдаған мемлекеттік органды, шешім қабылдаудың негізін және күнін көрсету қажет;
Қоғамның акциялар шығарылымы өткізілмеді деп танитын шешімі болған жоқ.

6) Облигациялар бойынша төлемдердің өтелу күні және жалпы мөлшері;
Қоғам акциялар шығарылымын жүзеге асырған жоқ.

7) бір акцияға есептелген және төленген дивидендтердің сомасы (жәй, артықшылықты) және екі соңғы қаржылық жылдың әрқайсысы үшін акциялардың әр түріне дивидендтердің жалпы сомасы;

Соңғы екі жыл үшін Қоғамның акциялары бойынша дивиденттер төленген жоқ.

8) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қосқандағы қоғамның бағалы қағаздарының сатылуы жүзеге асырылатын негізгі нарықтар.

Барлық акциялар шығарылымы бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында қоғамның құрылтайшылары мен акционерлерінің арасында орналастырылған.

7 Бөлім. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

45. Акциялар туралы мәліметтер:

1) акциялардың саны, түрлері:

Жарияланған жай акциялардың жалпы саны 1 145 000 (Бір миллион бір жүз қырық бес мың) дананы құрайды.

2) құрылтайшылар арасында орналастырылған акциялардың саны мен түрлері;

Акционерлердің арасында сомасы 557 000 000 (Бес жүз елу жеті миллион) теңгеге 620 000 (Алты жүз жиырма мың) дана жай атаулы акциялар орналастырылған, жарияланған жай акциялардың қалған бөлігі (525 000

дана) акционерлердің жарғылық капиталдағы үлестеріне сәйкес олардың арасында көбінесе сатып алу құқықтары бойынша орналастырылады. Акциялардың орналастырылмаған бөлігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жазылым арқылы орналастырылады.

3) Құрылтайшы төлейтін бір акцияның номиналды құны:

Бастапқы орналастыру кезінде бір акцияның номиналды құны 500 (Бес жүз) теңге болады.

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік мөлшері:

Қоғамның артықшылықты акциялары шығарылмаған.

46. Қоғамның айналмалы бағалы қағаздары:

Қоғамның айналмалы бағалы қағаздары шығарылмаған.

47. Төлем жасайтын агент туралы мәлімет:

Қоғамның төлем жасайтын агенті жоқ.

48. Тіркеуші туралы мәлімет

«ДАР» Орталығы» АҚ – «ДАР» Орталығы» Акционерлік Қоғамы
№ 70282-1910-АО Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, 10.05.2005ж.

2005 жылы 15 маусымда ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімін жасау жөніндегі қызметпен айналысуға берген № 0406200394 лицензиясы

Орналасқан жері: 050008, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 35А

Тел./факс: 2-433-311, 2-433-341, 2-437-533, e-mail: almadar@nursat.kz

Тіркеушімен шарт жасалған күн және шарттың нөмірі.

2001 жылғы 4 желтоқсандағы №144 Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімін жасау жөніндегі қызмет көрсету шарты .

8 Бөлім. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

49. Акция жасап шығару үшін жұмсалған шығын сомасы.

Қоғам акция жасап шығару үшін шығын жұмсаған жоқ.

50. Инвесторлар үшін ақпарат.

Инвесторлар қоғам жарғысының көшірмесімен, ациялар шығарылымының проспектімен, осы құжаттарға енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен, мына мекен-жай бойынша: Алматы қ-сы, Манас к-сі, 32А, 201-202-кеңседе акцияларды орналастырудың нәтижелері туралы есептермен таныса алады. Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды жариялау үшін Қоғам мынадай: «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Панорама», «Деловая неделя», «Официальная газета», «Сегодня», «Юридическая газета», «Столичная жизнь», «Туркестан» бұқаралық ақпарат құралдарының кез-келгенін пайдаланады.

Басқарма
Үсенов Т.Қ.

төрағасы

Бас бухгалтер

Шепелева А.В.

**Ішкі аудит қызметінің бастығы
Бураев М**

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның ұйымдық құрылымы (Бағалы қағаздар эмиссиясының проспектіне № 1 қосымша)

